

*Б.И. Иманбекова<sup>1</sup>, Г.Қ.Құрманқожа<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

## **ҚҰҚЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада құқық әлеуметтануының табиғаты және әлеуметтік жүйедегі алатын орны мен рөлі, құқықтың пайда болуының негізгі себептері, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі себеп-салдарлық байланыстары, арнайы әлеуметтік институт есебіндегі орны қарастырылған. Құқық әлеуметтануының әлеуметтанудың жеке саласы ретінде пайда болуының себептері мен жолдары батыстық ойшылдардың тұжырымдамалары мысалында талданды. Сондай-ақ құқық әлеуметтануындағы мектептер мен ойшылдардың көзқарастарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар қарастырылып, негізгі ерекшеліктеріне назар аударылды. Құқық әлеуметтануының ғылымдарының құқықты әлеуметтік құбылыс ретінде тануы мен зерттеу нысаны ретінде түсінуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Құқық әлеуметтануының ғылыми-теориялық негіздері әлеуметтік философиядан, құқық философиясынан және жалпы әлеуметтану теориясынан бастау алады, ал оның нақтылы мәселелері мемлекет пен құқықтың жалпы теориясына, арнайы ғылыми салаларымен терең байланыста зерттеліп, жүзеге асады.

**Түйін сөздер:** құқық әлеуметтануы, қоғам, әлеуметтік жүйе, қоғамдық қатынастар, позитивизм, инструментализм, құқықтық нормалар, заң, заңнамалық әлеуметтану.

*B.I.Imanbekova<sup>1</sup>, G.K.Kurmankozha<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh national women's pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

## **THE CONCEPT OF THE EMERGENCE OF THE BASIC PRINCIPLES OF SOCIOLOGY OF LAW**

*Abstract*

The article examines the nature and role of the sociology of law in the social system, the main causes of the emergence of law, the formation, cause-and-effect relationships in the system of social relations, the place as a special social institution. The reasons and ways of the emergence of the sociology of law as a separate branch of sociology were analyzed using the concepts of Western thinkers. Differences and similarities in the views of schools and thinkers of the sociology of law were also considered, and the emphasis was placed on the main features. Sociology of law and jurisprudence have their own peculiarities in the understanding of legal science as a legal phenomenon and as an object of research. The scientific and theoretical foundations of the sociology of law begin with social philosophy, philosophy of law and the General theory of sociology, and its specific problems are studied and implemented in deep contact with the General theory of state and law, special scientific fields.

**Keywords:** sociology of law, society, social system, social relations, positivism, instrumentalism, legal norms, law, sociological jurisprudence.

*Иманбекова Б.И<sup>1</sup>, Курманқожа Г.Қ<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский национальный женский педагогический университет*

## **КОНЦЕПЦИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ СОЦИОЛОГИИ ПРАВА**

*Аннотация*

В статье рассматриваются природа и роль социологии права в социальной системе, основные причины возникновения права, формирование, причинно-следственные связи в системе социальных отношений, место как специального социального института. Причины и пути возникновения социологии права как отдельной отрасли социологии были проанализированы на примере концепций западных мыслителей. Также были рассмотрены различия и сходства в взглядах школ и мыслителей социологии права, акцент был сделан на основных особенностях. Социология права и юриспруденция имеют свои особенности в понимании правоведческой науки как правового явления и как объекта исследования. Научно-теоретические основы социологии права начинаются с социальной философии, философии права и общей теории социологии, а конкретные проблемы ее изучаются и реализуются в глубоком контакте с общей теорией государства и права, специальными научными областями.

**Ключевые слова:** социология права, общество, социальная система, общественные отношения, позитивизм, инструментализм, правовые нормы, закон, социологическая юриспруденция.

Құқық әлеуметтануы - мәдениет әлеуметтануы, саясат әлеуметтануы, дін әлеуметтануы және т.б. салалары сияқты жалпы әлеуметтанудың бір саласы. Құқық әлеуметтануы - қоғамдағы құқықтың өмір сүруінің, дамуы мен қызметінің әлеуметтік шарттары туралы ғылым.

Қазіргі уақытта құқық әлеуметтануы мен әлеуметтанулық заңтану арасындағы айырмашылық зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде сирек кездеседі. Сонымен бірге, шетелдік әдебиеттерде құқық әлеуметтануын әлеуметтанудың бір саласы екендігі жайлы айтылады, дегенмен әлеуметтанулық заңтану мен құқық әлеуметтануының пәндік шекаралары туралы пікірталастар жүргізілуде [1]. Шетелдік әлеуметтанудың заманауи бағыттары мен тұжырымдамаларына жүгіну құқық әлеуметтануының әлеуметтану ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып, институционалды және теориялық-әдістемелік тұрғыдан дамып келе жатқанын көрсетеді. Ең алдымен, құқық әлеуметтануы пәнін оның жетекші өкілдері қалай анықтайтынын қарастырайық. Осы тұрғыдан алғанда, осы саладағы ең ірі шетелдік сарапшылардың, соның ішінде Ж.Карбонье, Р.Коттерель, М.Дефлемнің құқық әлеуметтануы мәселелері бойынша жалпылама жұмыстары үлкен қызығушылық тудырады [2]. Бұл ғалымдардың еңбектері әлеуметтік-құқықтық зерттеулердің ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының аяғынан бастап осы кезге дейінгі әр түрлі кезеңдерін, сонымен қатар француз, британдық және американдық құқық әлеуметтануының ұлттық мектептерінің ерекшеліктерін көрсетеді [3].

Француз ғалымы Ж.Карбоньенің «Құқықтық әлеуметтану» атты еңбегі ғалымдардың құқық әлеуметтануының проблемаларын талқылау кезінде жиі айтылатын бірнеше шетелдік дереккөздердің бірі болды. Бірақ, француз басылымында жарық көрген Карбоньенің еңбегі 70-ші жылдардың аяғындағы батыс еуропалық, құқық әлеуметтануы туралы екендігін ескерген жөн. Еуропада 80-90 жылдар. бұл пәннің қарқынды даму кезеңі болды деп айта аламыз. Бірақ тұтастай алғанда, Карбоньенің бұл еңбегі құқық әлеуметтануының пәні мен әдістерін, сонымен қатар оның басқа құқықтық және әлеуметтік пәндермен байланысын нақты түрде көрсетеді.

Карбонье «заңнамалық әлеуметтану» және «құқық әлеуметтануы» ұғымдарын өзара алмастырушы деп санайды, бірақ «заңнамалық әлеуметтану» терминін қолдануды дұрыс деп санайды. Ол заңнамалық әлеуметтануды дін әлеуметтануы немесе экономикалық әлеуметтану сияқты әлеуметтанудың басқа салаларына ұқсас саласы ретінде сипаттайды. Құқық әлеуметтануының нысаны ретінде ол «әлеуметтік құбылыстардың бір түрі болып табылатын заңды құбылыстарды» бөліп көрсетеді [4, 30]. Карбоньенің айтуы бойынша, құқық әлеуметтануы құқықты сырттан зерттейді. Сонымен қатар, ол «бақылайтын нысаннан бақылаушының түбегейлі бөлінуімен сипатталады. Егер заң өкілі үшін құқық дегеніміз құдай болса, әлеуметтанушы әдіснамалық атеизмді басшылыққа алу керек деп санайды» [4, 36].

Құқықтың әлеуметтанулық тұжырымдамасының әр түрлі ә теориялары тұрғысынан құқықтың барлық анықтамаларында кейбір ортақ сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады. Әлеуметтануда құқық әрқашан нормалар және олармен байланысты әлеуметтік тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастырылды [5, 6]. Әлеуметтанулық тәсілдің ерекшелігі - бұл құқықтық нормалардың белгілі бір әлеуметтік жағдайларда жұмыс істеуін мойындайды және олардың әлеуметтік салдары көбінесе құқықтың көздеген мақсаттарынан өзгеше болады.

Әлеуметтанушы қоғамдық өмірдегі тәртіп пен байланысты түсіндірумен айналысады және осы мақсатты жүзеге асыра отырып, адам өмірін үйлестіруге ықпал ететін әлеуметтік нормалардың, бекітілген әлеуметтік ережелердің маңыздылығына мән береді. Нормалар өздігінен, автоматты түрде әрекет ете алмайды. Нормаларды қолданатын, оларға жүгінетін, түсіндіретін және қолданатын адамдар. Тек осы үдерісті түсінгеннен кейін ғана, біз құқықтық нормалардың әлеуметтік ұйымда қалай жұмыс істейтінін, әлеуметтік ұйымның құқықтық үдерісті қалай қалыптастыратындығын және шектейтінін түсінеміз [6, 220].

Карбоньенің көзқарасы бойынша, құқық әлеуметтануы жалпы әлеуметтанудан тәуелсіздікке қол жеткізуі керек. Ол негізгі қиындықты заңның «жалпы әлеуметтанудың айрықша пәні ретінде көрінетін кең категориялардың ішіне жұтылып кететіндігінен» көреді [4, 33]. Француз ғалымы құқықтың көбінесе әлеуметтік бақылаудың бір түрі ретінде ғана қарастырылатындығын айтады. Сонымен бірге, құқықтық әлеуметтануының мәселелері кәсіп әлеуметтануы мен ұйымдар әлеуметтануы аясында зерттелді. Карбоньенің пікірінше, құқық әлеуметтануы жалпы әлеуметтанумен өзара алмасу қатынасында, бірақ мұндай өзара алмасу толығымен екі жаққа да бірдей емес. Құқық әлеуметтануы әлеуметтанудың басқа салаларында әзірленген әдістерді қолданады. Құқық әлеуметтануының көптеген тұжырымдамалары құқықтық акцентке негізделген жалпы әлеуметтанудың тұжырымдамалары болып табылады, [4, 34].

Алайда, Карбоньенің құқық әлеуметтануының жалпы әлеуметтанудан автономдылығының жеткіліксіздігі туралы алаңдауы біршама артық деп айтсақ та болады. Сайып келгенде, әлеуметтануда оның әр түрлі салаларының мамандануы өздігінен даму үстінде. Құқық әлеуметтануының қалыптасу үдерісінде бұл пән едәуір дәрежеде өзінің заң ғылымына қатысты дербестігін қорғауға мәжбүр болды, өйткені заңгерлер көбінесе оны таза қолданбалы сипатқа ие құқықтық теорияға қосымша ретінде қарастырып келді.

Осыған байланысты Карбоньенің құқық әлеуметтануы мен заңтану арасындағы айырмашылықты нақтылап көрсетуі назар аударарлық мәселе. Карбонье осы екі пәннің объектілеріндегі негізгі айырмашылықты сол заңтану құқық нормаларының үстемдігін, орындалуы мен тиімділігін зерттейді, ал құқық әлеуметтануы осы нормалардың пайда болуына себеп болатын әлеуметтік себептерді және олардың әлеуметтік салдарларын зерттейді [4, 35].

Британдық ғалым Р.Коттерел құқық құбылыстарын талдаудағы заңтану мен әлеуметтанудың көзқарастарындағы айырмашылықтарды сипаттай отырып, олардың позитивизм әдіснамасына ерекше назар аударады. Коттерел атап өткендей, англо-американдық құқықтық дәстүрде, сонымен қатар көптеген басқа заманауи құқықтық жүйелерде «заңгерлер құқыққа позитивистік көзқарас тұрғысынан қарайды және бұл көзқарас құқықты зерттеу мен оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады» [7, 9]. Тұтастай алғанда, құқықтық позитивизм құқықтың функциясының моральдық, саяси және кез-келген басқа заңға қатысы жақ аспектілерін қарастырудан бас тартуымен сипатталады.

Американдық құқық әлеуметтануында Д. Блэктің еңбектерінде ұсынылған позитивистік әдістеме мойындалған, бұл әдістеме баойынша «тек фактілер ғана қарастырылады, сезім, түсінік пен мағыналар қаперге алынбайды, мақсаттар мен ниеттер ескерілмейді» [8, 109]. Блэк құқықты әлеуметтік бақылаудың нысаны және мемлекет жүзеге асыратын әлеуметтік бақылау ретінде сипаттады [9, 3]. Ол құқықты өзгеріп тұратын құбылыс қарастырды. Блэк құқықтық саладағы өзгерістерді әлеуметтік стратификациядағы, мәдениеттегі, ұйымдастырушылық құрылымдардағы және әлеуметтік бақылау жүйесіндегі өзгерістермен байланыстырды. Блэк тұжырымдамасы тұрғысынан құқық әлеуметтануының міндеті «заңның неге белгілі бір түрде өзгеретінін немесе неге олай әрекет ететінін түсіндіру емес, құқықтың әрекет етуі мен әлеуметтік құбылыстар арасындағы байланыстарды бақылау және өлшеу болды» [7, 13].

Американдық құқық әлеуметтануы, ең алдымен, құқықтық реализм мектебі болып табылады, өйткені сот қызметі онда өнер ғана емес, сонымен бірге эмоциялар мен түйсік, иррационалды ойлау нәтижесінде пайда болатын барлық құқықтық ойлау стилі болды. Американдық құқық әлеуметтануы біртекті болмады және екі бағытқа бөлінеді: құқықтық реалистер мен прагматист-инструменталистер. Прагматик-инструменталистер сот құқығы тұжырымдамасын ұстанды, мұнда құқық эмпирикалық тәжірибе, интуиция мен судьяның қалауы бойынша бағаланады. Прагматиктердің пікірінше, судьялар құқықты өз қалауы бойынша жүзеге асырады, сот шешімдерін өз бастамалары бойынша кеңейте алады. Өз кезегінде

құқықтық реалистер әсіре және қалыпты реалисттер деп бөлінді. Психология және әлеуметтану әдістеріне сүйене отырып, құқықтық реализм өкілдері құқықтық санаттар мен құқықтық нормаларды сот пен әкімшілік үдерістің көзқарасындағы нақты жағдайлармен алмастырады. Олар құқық пен заңдардың тұрақтылығына терістеді және құқық тұрақты дамуда және оны сот жасайды деп санады.

Құқықтық реалисттер позитивизмге қарсы шықты және жазылған құқықты емес, құқықтың әсерін, әрекет етуін зерттеу керек деп санайды. Олардың ережесі құқықтың бақыланбайтындығы және бей берекеттілігіне байланысты оны зерттеу мүмкін емес деген пікірге негізделген, өйткені оған көптеген әлеуметтік және психологиялық факторлар қатты әсер етеді. Р.Паунд құқықты соттық және әкімшілік үдеріс аясында, биліктің талаптары негізінде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бақылаудың жоғары мамандандырылған құралы ретінде түсінді.

Позитивистік тәсіл әлеуметтік құбылыс ретінде құқықтың ерекшеліктерін толық аша алмайды. Құқықтың көптеген аспектілері «позитивистік әдіснамада талап етілгендей, өлшенбейді, зерттелмейді немесе таблицада көрсетіле алмайды. Барынша мұқият жүргізілген бақылау, бақылау нысанының әлеуметтік мәнін түсіндірудің қажетті шарты ғана болып табылады» [7, 14]. Р.Коттерельдің көзқарасы бойынша, позитивизм шеңберімен ғана шектеуіп қалмайтын әлеуметтік ғылым тұжырымдамасы құқықтық құбылыстарды әр түрлі теориялық позициялардан және зерттеу әдістерінің әр түрін қолдана отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Позитивистік әдіснама құқықты әлеуметтанулық зерттеулерде қолданылғанымен, қазіргі кезде ол негізгі зерттеу әдісі болып табылмайды. Еуропалық құқық әлеуметтануында позитивистік тәсілдер «шектеулі дәрежеде және өзгертілген түрде қолданылады немесе мүлдем қолданылмайды» [7, 11]. Құқықтық саланы әлеуметтанулық зерттеулерде түсіну әлеуметтануының әртүрлі нұсқалары маңызды орын алады. Құқық әлеуметтануындағы позитивистік бағыт Э.Дюркгеймнің шығармаларына негізделсе, интерпретациялық әлеуметтану М.Вебер негіздеген дәстүрлерді жалғастырады. Интерпретациялық әлеуметтанудың зерттеу процедураларын қолдану бізге заң ғылымдарының өкілдеріне тән құқықтық құбылыстардың позитивистік көзқарасынан арылуға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы шетелдік әлеуметтанудың құқықтық саланы зерттеуге әсер еткен салаларының ішінде феноменология, символикалық интерактивизм, этнометология сияқты микроәлеуметтанулық тәсілдерді атап өту керек. Микроәлеуметтанулық көзқарастарды ұстанушылар құқықтық жүйе тек жеке адамдардан тыс объективті құрылым түрінде ғана өмір сүрмейтінін атап өтті. Құқықтық жүйе мінез-құлқы белгілі бір субъективті мағынамен байланысты адамдар арасындағы өзара әрекеттесу барысында дамиды.

Микроәлеуметтанулық көзқарастар тұрғысынан, құқықтық институттар заңгер кәсібінің өкілдері, лауазымды адамдар мен сотқа жүгінуші азаматтар арасындағы көптеген өзара әрекеттестіктің нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда құқықты қоғамнан автономды және сыртқы нәрсе ретінде түсінетін позитивистік көзқарас қабылданбайды. Феноменологиялық әлеуметтану тұрғысынан, құқық «қоғамдық өмірдің белгілі бір аспектісіне, адамның өзара іс-қимылының белгілі бір саласына арналған таңба ретінде түсініледі. Құқықты түсіну дегеніміз - құқық идеясымен байланысты өзара әрекеттесу үдерісін түсіну деген сөз» [7, 146].

Рәміздік интеракционизмнің әсері әсіресе девиантты мінез-құлық әлеуметтануы және криминологияда айқын байқалды. Зерттеудің осы бағыттарының өкілдері девиантты мінез-құлық нысандарын басқалардың қабылдауына байланысты жіктеуге мүмкіндік беретін интеракционистік көзқарас аясында жасалған «таңбалау» тұжырымдамасына қызығушылық танытты. Рәміздік интеракционизмнің құқық әлеуметтануына тікелей әсері әдіснамалық сипатта болды және негізінен сапалы зерттеу әдістерін танымал етуге бағытталды [5, 134].

Этноәдіснама өкілдерінің еңбектерінде сот отырысына қатысушылар арасындағы сөйлеу әрекетін зерттеуге көп көңіл бөлінді. Осы мақсатта сот отырысына қатысушылар мен куәгерлердің сөздеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, мұндай зерттеулерде сөйлеу интонациясы, сөйлеудегі үзілістер, қимылдар сияқты қарапайым, ұсақ бөлшектер назарға алынды. Этноәдіснамалық зерттеулердің нәтижелері бойынша сот үдерісінде болған оқиғалардың мәнін көбінесе кәсіби заңгерлер мен заңгерлік білімі жоқ сотталушылар, куәлар және сотқа қатысушылар әр түрлі түсінетіндігі анықталды. Осыған орай, этноәдіснаманы ұстанушылар сот ісін ізгілендіру және сот жүйесінде бұрмаланбаған қарым-қатынас үшін жағдайлар жасау қажеттілігін алға тартты [7, 224].

П. Бурдые құқықтық саланы талдауда формализм және инструментализм сияқты екі қарама-қарсы тәсілді сынайды [10, 76]. Формализм тұрғысынан, құқық - бұл өзінің ішкі динамикасы бар және кез-келген сыртқы әсерлерден толықтай жабық автономды жүйе. Бұл ұстаным Г.Кельзеннің құқықтық теориясында дәйекті орын алды. Әлеуметтанудың кейбір салаларына тән инструменталистік көзқарас аясында құқық басқарушы таптың үстемдік ету құралы ретінде қарастырылады, әйтсе де құқық институттарының салыстырмалы түрдегі ғана дербестігі мойындалады. Бұл көзқарасты марксизмді жақтаушылар, атап айтқанда Л.Альтюссер ұстанды. Өзінің құқықтық тұжырымдамасы тұрғысынан П.Бурдые формалистік және инструменталистік көзқарастардың қарама-қайшы жақтарын жеңуге тырысты.

М.Вебердің еңбектеріне сүйене отырып, американдық зерттеуші А.Кронман құқықтық саланы зерттеудегі негізгі үш көзқарастың арасын ажыратып көрсетті [11, 14]. Бірінші, бұл құқықты құқықтық жүйенің ішінен, заңтану тұрғысынан зерттеу. Бұл жағдайда тек қана құқықтың дамуының өзіндік логикасына назар аударылады және тек заңнамалық категориялар қолданылады. Екінші, бұл құқықтың негізінде жатқан моральдық принциптерді анықтауға және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді белгілі бір нормативтік стандарттар тұрғысынан бағалауға бағытталған философиялық және этикалық көзқарастар. Үшінші, құқықты құқықтық жүйеден тыс позициялардан теориялық негізделген эмпирикалық зерттеу. Бұл жағдайда заң институттарының нақты қызметі зерттеледі. Әлеуметтану басқа әлеуметтік ғылымдармен қатар құқықты зерттеудегі дәл осы тәсілді қолданады [5, 5].

Құқықтық саланы нақты зерттеуде бұл тәсілдер бір-бірімен қиылысып, өзара әрекеттесуі мүмкін. Сонымен қатар, құқықтық тәсілдің өзі құқықты кәсібилендіру үдерісінде әртараптандырылады. Осылайша, құқықтық реализм, құқық әлеуметтануы, содан кейін сыни заңтану пайда болды. Тұтастай алғанда, тәсілдердің әрқайсысы құқық сияқты күрделі құбылыстың мәнін ашуға өзіндік үлесін қосады. Бірақ зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі заңтанулық немесе әлеуметтанулық теория болып табылады.

М.Дефлем атап өткендей, «құқық әлеуметтануына бағытталған теориялық даму АҚШ-тағы үдеріспен салыстырғанда Еуропада тезірек жүрді» [5, 106]. Сонымен қатар, құрылымдық функционализмге дейін «Еуропада пайда болған құқық әлеуметтануы заңтанулық әлеуметтанудың қол астында болды, ол кейіннен әлеуметтанушылар арасындағы пікірталасқа айналды.

Құқық әлеуметтануын академиялық пән ретінде институционализациялау заң ғылымының шегінен шығып, жалпы әлеуметтанулық теорияны теориялық және әдіснамалық негіз ретінде айқындау қажеттілігін білдіреді. Құқықтық ойдың дамыған дәстүрінің қарсылығына байланысты батыстық қоғамға құқық әлеуметтануын әлеуметтану ғылымының бір саласы ретінде қалыптастыру үшін біршама уақыт қажет болды. Құқық әлеуметтануын институцияландыру құқық әлеуметтануы мен әлеуметтанулық заңтану аясындағы көзқарастар арасындағы нақты айырмашылықты танусыз мүмкін емес.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Cotterrell R. *Why must legal ideas be interpreted sociologically?* // *Journal of Law and Society*. 2011. V. 25. № 2. P. 171–192.
2. Гончарова А.Н. *Проблема согласования общественных и личных интересов в процессе построения гражданского общества: Моногр. / Краснояр. гос. ун-т. Красноярск, 2012.*
3. Масловская Е.В. *Национальные школы современной социологии права // Журнал социологии и социальной антропологии. 2014. Т. X. № 3. С. 52–64.*
4. Карбонье Ж. *Юридическая социология. М.: Прогресс, 2015. 351 с.*
5. Deflem M. *Sociology of law: Visions of a scholarly tradition. Cambridge: Cambridge University Press, 2015. 348 p.*
6. Мейхью Л. *Социология права // Американская социология: перспективы, проблемы, методы / Под ред. Г.В. Осипова. М.: Прогресс, 2010. С. 220–234.*
7. Cotterrell R. *The sociology of law: An introductory. 2<sup>nd</sup> edition. London: Butterworths, 2005. 398 p.*
8. Baumgartner M. *The sociology of law in the United States // The American Sociologist. 2008. V. 32. № 2. P. 99–113.*

9. Black D. *The behavior of law*. N.Y.: Academic Press, 2009. 175 p.
10. Бурдые П. Власть права: основы социологии юридического поля // Бурдые П. Социальное пространство: поля и практики. СПб.: Алетейя, 2015. С. 75–128.
11. Kronman A. *Max Weber*. Stanford, CA: Stanford University Press, 2011. 214 p.

*References:*

1. Cotterrell R. *Why must legal ideas be interpreted sociologically?* // *Journal of Law and Society*. 2011. V. 25. № 2. P. 171–192.
2. Goncharova A.N. *Problema soglasovaniya obshchestvennyh i lichnyh interesov v processe postroeniya grazhdanskogo obshchestva: Monogr.* / Krasnoyar. gos. un t. Krasnoyarsk, 2012.
3. Maslovskaya E.V. *Nacional'nye shkoly sovremennoj sociologii prava // ZHurnal sociologii i social'noj antropologii*. 2014. T. H. № 3. S. 52–64.
4. Karbon'e ZH. *YUridicheskaya sociologiya*. M.: Progress, 2015. 351 s.
5. Deflem M. *Sociology of law: Visions of a scholarly tradition*. Cambridge: Cambridge University Press, 2015. 348 p.
6. Mejh'yu L. *Sociologiya prava // Amerikanskaya sociologiya: perspektivy, problemy, metody / Pod red. G.V. Osipova*. M.: Progress, 2010. S. 220–234.
7. Cotterrell R. *The sociology of law: An introductory*. 2nd edition. London: Butterworths, 2005. 398 p.
8. Baumgartner M. *The sociology of law in the United States // The American Sociologist*. 2008. V. 32. № 2. P. 99–113.
9. Black D. *The behavior of law*. N.Y.: Academic Press, 2009. 175 p.
10. Burd'e P. *Vlast' prava: osnovy sociologii yuridicheskogo polya // Burd'e P. Social'noe prostranstvo: polya i praktiki*. SPb.: Aletejya, 2015. S. 75–128.
11. Kronman A. *Max Weber*. Stanford, CA: Stanford University Press, 2011. 214 p.